# Ғарышкерлер күні

**Оқу қызметі:** Жаратылыстану
**Тақырыбы:**Ғарыш әлемі.
**Мақсаты:** Балаларды ғарыш әлемімен таныстыру. Ғарышкерлер туралы мәлімет беру арқылы ғарышкерлерге деген сый-құрметтерін нығайту.Балаларға ойын ойнату, тақпақ жаттату арқылы қимыл-қозғалыстары мен тілдерін дамыту.
**Көрнекілігі:**Ғарыш әлеміне байланысты суреттер.
Мотивациялық қозғаушылық
**Шаттық шеңбер:**
Сәлем саған Жер анам!
Сәлем саған алтын Күн!
Сәлеметсіздер ме апайлар!
Көргеніме қуанам!
Балалар іс-қимылмен қайталайды.
Тәрбиеші:
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем
-Ал көктемнің қай айы?
- Сәуір айы
12сәуір ғарышкерлер күні,осы мерекеге орай бүгінгі біздің өтетін тақырыптық оқу қызметіміз «Ғарыш әлемі» деп аталады.
-Балалар ғарыш әлемін біз қалай түсінеміз? «Аспан әлемі» таныстыру
Ғарышқа ұшатын адамды кім деп атаймыз?
-Ғарышкер.
-Балалар ғарышқа не үшін ұшады білесіңдерме?
-Дұрыс аитасыңдар! Аспан әлемін ,ғаламшарларды, жұлдыздарды зерттеу үшін ұшады.
Ең бірінші болып ғарышқа Ю.Гагарин ұшқан. Ол Рессейлік ұшқыш.
Ал қазақ жерінен Т.Әубәкіров,Т.Мусабаев, А. Айымбетов ағаларымыз ғарышқа барып қайтқан.Олар еліміздің батырлары,қаһармандары.
-Ал енді айтыңдаршы,ғарышқа немен ұшады?
Дұрыс.Ғарыш кемесімен ұшады.
Ал мынау біздің «Байқоңыр ғарыш айлағы»
Біздің Айназар Байқоңыр туралы тақпақ айтып береді
Көкпен жерді жалғаған **Айназар**
Космодром Байқоңыр.
Қай жер саған жетеді,
Ғажап жерім Байқоңыр!